

«8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ержанова Айдана Жәнісқызының «Қазақстанның мәдени-өркениеттік дамуындағы келісім концептісі (әлеуметтік-философиялық талдау)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Қазақстан Республикасындағы ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.</p> <p>«8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантура бағдарламасы аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертацияның тақырыбын жаһанданған әлемдегі алуан түрлі мәдени және өркениеттік парадигмалардың келісімі мен әлемде болып жатқан әрекеттер үйлесімділігіне қол жеткізу болып отырған қазіргі кезеңде өте өзекті мәселе деуге болады. Оған қоса келісім мәселесі әлеуметтік практикалық жағынан да маңызды. Әділетті Қазақстанның болашақ әлеуметтік-мәдени дамуында келісім концептісі теориялық тұрғыда қажеттілік тудырады. Сондықтан, келісім мен іс-әрекеттердің үйлесімділігі елімізде тұрақтылық, тыныштық, бейбіт өмірді қамтамасыз етуде шешуші мәнге ие. Қазіргі кезеңдегі адамзаттың маңызды міндеттерінің бірі болып отырған қоғам дамуының әртүрлі модельдері арасындағы келісімді іздеу және оған қол жеткізу философиялық зерттеулер аясында тереңірек байыптауларды қажет етеді. Сондықтан, ғылыми жұмыстың маңыздылығына сараптамалық оң баға берілді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Автордың жұмысты жазу деңгейі біршама жоғары. Диссертациялық зерттеуде қорытындылар жоғары ғылыми-теориялық деңгейде баяндалған және дәлелді негіздерге ие. Бұл диссертанттың философиялық кәсіби біліктілігін, зерттеу әдістерін жақсы игергендігін және дереккөздерді ұтымды пайдалана алғандығын байқатады. Философиялық мәтін шұрайлы академиялық және ана тіліміздегі ғылыми тілмен жазылған. Автор өз позицияларын өрнектей алғаны байқалды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі мен маңызы күмән туғызбайды және диссертация ең алдымен, келісім концептісін зерттеудің теориялық-әдіснамалық және дүниетанымдық негізін әзірлеуде, оның мағыналық мазмұны және концептуалды контекстер арнасында ашылуында, Батыс пен Шығыс және Қазақстандағы мәдени-өркениеттік топстардағы келісім стратегияларын ашып көрсетуде, Ұлы даланың мәдени

		<p>4.1. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>байланыстары және келісім концептісінің тарихи бастамасын, қазақ философиясы ауқымындағы келісім концептісінің мәні мен генезисін анықтауда, Заманауи Қазақстан дамуындағы қоғамдық келісімнің мәдени-өркениеттік әлеуетін талдау барысында көрініс тапқан бірқатар артықшылықтарға ие. Ізденуші тарихи-мәдени мәтіндер мен қазақ философиясы ауқымындағы ойларға мазмұнды логикалық талдаулар жасаған. Диссертант өз жұмысында қойылған мәселелер өрісі мен тақырыптың зерттелу деңгейін жете білетіндігін, ғылыми әдебиеттерді саралауда зерттеудің әдіснамалық негізін меңгергендігін көрсетеді. Келісім ұғымымен мағыналас сұхбат (диалог), өзара түсіністік, бірлік, ымыраға келу аясында «келісім» ұғымының мәнін ашып көрсетіледі. Келісім туралы тұтас түсінікті қалыптастыру үшін келісім құбылысының барлық ішкі реңктері мен сыртқы байланыстарын, оның басқа құбылыстармен және оған жақын ұғымдармен байланысын ескеру қажет екендігі негізделген. Диссертациялық жұмыстың барлық бөліктері ішкі логикалық бірлікте, зерттеу міндеттері реттелген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Бірінші бөлімде зерттеудің әдіснамалық негіздері айқындалады, Шығыс пен Батыс мәдениеттеріндегі келісімнің негізгі стратегиялары зерттеледі. Екінші бөлімде қазақ дәстүрлі қоғамында келісім концептісінің тарихи қалыптасу алғышарттары мен принциптері, қазақ философиясы ауқымындағы ойлар тарихындағы келісім идеясының философиялық негіздемесі туралы мәселе қарастырылады; біртұтас қазақ мемлекетін құруға мүмкіндік берген принциптер нақтыланды. Диссертацияның үшінші бөлімінде Қазақстанның өткен ғасырдағы, әсіресе тәуелсіздік дәуіріндегі мәдени және өркениеттік дамуы туралы мәселе көтеріледі; қоғамымыздағы келісім мәселелеріне қатысты</p>

		<p>әлеуметтанулық материалдар талданады; республикадағы мәдениетаралық келісімді дамытудың әлеуметтік-тәжірибелік келешегі негізделген.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген
		<p>Диссертацияның тақырыбына жұмыстың құрылымында келтірілген мақсат пен міндеттер толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс сәтті құрылған жоспар бойынша жазылған екен. Диссертациялық жұмыстың мақсаты ретінде жаһандық мәдениеттер сұхбаты стратегияларын ескере отырып, Қазақстанның тарихи және қазіргі заманғы дамуындағы келісімнің теориялық концептісін әзірлеу және оның қазақстандық қоғамдық кеңістіктегі экспликациясын алдына қояды, мақсат пен міндеттердің логикалық сәйкестігі жұмыстың сапалы зерттеулер қатарынан табылатындығына оңтайлы ықпал еткен. Диссертациялық жұмыс мәтінінде көрсетіліп қойылған тоғыз міндеттері айшықталып, қорытынды тұжырымға сәйкес келеді.</p>
		<p>Диссертацияның құрылымы негізінен үш бөлімге жіктеліп, барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда толық, терең байланыста екенін атап өтуге болады. Барлық бөлімдер өзара логикалық және мазмұндық бірлікте, жалпы осы сипат тақырыптың толықтай ғылыми баяндалуына мүмкіндіктер беріп отыр.</p>
		<p>Диссертациялық жұмыс ауқымында барынша жаңа ғылыми тұжырымдарды сыни талдау әдісі арқылы жүйелегені көрініс табады. Философиялық зерттеу бағытында келісім мәселесі бойынша мақалалар, жекелеген зерттеулердің нәтижесі ширек ғасырда жазылғанын, қазіргі таңда жаңа көзқарас пен Қазақстанның мәдени-өркениеттік дамуындағы эволюциялық дамуында жеткен жетістіктердің қайсысын қолайлы пайдалануға болатынын, қазақ болмысындағы философия ауқымындағы педагогикалық әлеуетті ерекше атап өте отырып, қазақ</p>

		<p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>ойшылдарының көзқарастары осы тұжырым бойынша логикалық бірлік құрайтыны атап өтіледі. Негізінен, педагогикалық қана емес, қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі келісім құбылысының жағымды тұстарын қарастырады. Зерттеу аясы тек Қазақстанның шекарасында ғана емес, басқа елдерде бұл түсінікке деген герменевтикалық талдау жасайды. Бұл ғылымдағы сыни талдаудың көрінісі. Сонымен қатар зерттеуде сыни талдау жүргізу үшін нақты тарихилық қағидатына сүйенген жөн екендігін автор дәйектеп береді. Әрине, бұл бағытта авторға болашақта көптеген зерделеулер жасағаны абзал. Диссертация мәтініне қатысты автордың тұжырымдарымен негізінен келісуге болады. Сондықтан жұмыста автор тарапынан «сыни талдау бар» деген баға берілді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Диссертациялық жұмыста біршама жаңашылдық мәртебесіне ие ғылыми нәтижелер алынған. Келісім құбылысының амбивалентті сипаты, белгілі бір жағдайда келісімнің жағымды мәні (қандай мақсат «үшін» бірігу) немесе жағымсыз мәнінің (кімге немесе неге «қарсы» бірігу) қайсы бірі алдыңғы орынға шығатынына байланысты әрекет ететіні анықталған, келісімнің қарама-қарсы екі түрі болады: коммуникативті-рационалды (немесе шартты, сыртқы жағдайлармен анықталатын) және сезімдік-бейнелі (ішкі, тікелей) ажыратылып көрсетіледі; қазақтың философиялық ойы тарихынан алынған келісім стратегиясының үлгісін әділетті Қазақстанның мәдени-өркениеттік даму кезеңінде оның әлеуметтік стратегиясы мен әлеуметтік-философиялық ой ауқымының мүмкіндіктерін кеңейту үшін қолдануға болатындығын негіздейді.</p> <p>Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар жаңа және диссертациялық зерттеу жұмысын жоғары ғылыми-теориялық деңгейде қорытындылар жасалған. Адамзаттың алға рухани және саяси-әлеуметтік мағынада жылжуы үшін келісім концептісіне сүйенетіндігін диссертацияның өн бойында толығымен жаңа</p>

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	кейіпте дәйектеледі. Әрине, шынайы келісім мен псевдокелісімнің ара жігін ажыратып отыру да әлеумет үшін маңызды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның зерттеу тақырыбы мен нысаны жалпы гуманитарлық салаға жатады және пәнаралық сипатқа да ие болады. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері тұрғысынан гуманитарлық сала өнімдерін нақты бағалау қиындау, дегенмен диссертация мәтінінде келтірілген барлық тұжырымдардың практикалық маңызы бар, сонымен қатар, автордың идеялары мемлекетті басқару ісінде, әсіресе өзекті болып отырған медиация саласында қолданыс табу мүмкіндігі бар екенін айта аламыз және олар толық мәтінде өзінше негізделген. Жұмыстың жалпы ғылыми нәтижелері біршама қомақты және осыған орай олардың топтамасы рецензент тарапынан «толығымен жаңа» деген бағалауға ие болып отыр.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық зерттеу жұмысының әр тарау мен бөлімшелерде жүргізілген талдау барысында ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар жасалған. Барлық қорытындылар гуманитарлық бағыт бойынша ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдерге негізделіп, айқындалған. Келісім құбылыс әлеуметтік өмірдің ерекшеліктері барынша сұрыптаудан өткізіліп, оның еліміздің этноәлеуметтік құрылымындағы орны мен рөлі философиялық мәселе ретінде айқындалған. Автор болашақта әлеуметтік саланың күрделі мәселелерін өзінің шығармашылығында зерттеу нысанына айналдырады деген ойдамыз.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді;	7.1 Диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидаттар дәлелденген және сыни ғылыми тұрғыда дәйектелген. Автор жалпы гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдерді пәнаралық байланыс деңгейінде қолдана білген. Әрбір

		<p>2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>қағидат «дәлелденді» деген қорытынды жасаймын.</p> <p>7.2 Жұмыс қағидаттары тривиалды емес. Автор әрбір нәтижені теориялық тұрғыдан сыннан өткізіп, жан-жақты қарастырып, ұсынғаны байқалды. Сонымен қатар, теорияның практикалық жүзеге асуында қарастырған. Бұл тармақ бойынша «жоқ» деген баға беріледі.</p> <p>7.3 Негізгі қағидаттардың барлығының ғылыми жаңалығы бар деп бағаланады. Жалпы қағидаттардың жалпы саны тоғыз: - келісім құбылысының амбивалентті сипатына байланысты әрекет ететіні анықталған; - келісімнің екіұшты сипатына қарамастан, оның маңызды және ұғымдық өзегінде жағымды мәнінде әрекет ететіні айқындалған; - келісім жалпыға ортақ байланыстың жүйе құраушы қыры, бірліктің ішкі негізі және қайшылықтарды жеңуге бағытталған әрекет ретінде көрініс табатыны айшықталған; - келісімнің қарама-қарсы екі түрі ажыратылып көрсетілген: коммуникативті-рационалды (немесе шартты, сыртқы жағдайлармен анықталатын) және сезімдік-бейнелі (ішкі, тікелей); - келісімнің қарама-қарсы екі түрі мәдениет тарихында Шығыс пен Батысқа тиісті көрінісі дәлелденген; - Қазақстанның келісім дәстүрлерін айшықталған; - қоғамдық келісімнің типке, не түрге ажарытылуынан басқа әр түрлі деңгейлері – горизонталды және вертикалды болатыны анықталған; - қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтау жас ұрпаққа лайықты тәрбие беру қажеттілігі жөнінде негізделген; - қазақ философиялық ой ауқымы тарихынан алынған келісім стратегиясының үлгісін қазіргі егемен Қазақстанның мәдени-өркениеттік даму кезеңінде оның әлеуметтік стратегиясы мен әлеуметтік-философиялық ой ауқымының мүмкіндіктерін кеңейту үшін орынды қолдануға болатындығы анықталған. Осыған орай рецензент тарапынан толыққанды «Иә»</p>
--	--	--	--

	<p>Дәстүрлі принцип Дереккөздер мен ұсынылған ақпаратты дәйектілігі</p>	<p>7.1 Тарихи және ғылыми деректер мен ақпараттың дереккөздерін 1) жақ; 2) жақ</p> <p>7.2 Диссертация жұмысының негізгі мақсаты мен міндеттерін, зерттеу объектісін, зерттеу әдістерін мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін нақтылап отыруы қажет: 1) жақ; 2) жақ</p> <p>7.3 Тарихи және ғылыми деректер мен ақпараттың дереккөздерін нақтылап отыруы қажет: 1) жақ; 2) жақ</p> <p>7.4 Қағидаттардың қолдану деңгейіне «кең» деген баға берілді.</p> <p>7.5 Негізгі қағидаттар жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, сынақтан өткен. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 20-дан астам ғылыми мақала; Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, РИНЦ базасында 1 мақала, шетелдік, халықаралық конференциялар жинағында 5 мақала, отандық республикалық, халықаралық конференцияларда 10 мақала, ҚР Білім және Ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 4 мақала жарияланған. Сондықтан, бұл тармақ бойынша «Иә» деген баға беріледі.</p>	<p>деген оң баға берілді.</p> <p>7.4 Қағидаттардың қолдану деңгейіне «кең» деген баға берілді. Әлемдік-тарихи және ұлттық үдеріс аясында келісімді кең және тар мағынада философиялық түсіну парламент, үкімет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдардың мемлекет ішінде және халықаралық істерде бейбітшілік пен келісімге қол жеткізу концепциялары мен бағдарламаларды дайындау және оны жүзеге асыру барысында қажетті танымдық құрал ретінде қолдануға болады. Диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелері мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, заңды және жеке тұлғалардың келісім-шарт жасасуда, конвенцияларды дайындау, талқылау және қабылдауда, оқушылар мен студенттер, дипломатиялық қызметкерлерге білім беру мекемелерінде оқыту және тәрбиелеу үрдісінде, қайшылықтар мен жанжалдарды шешу, келісім мен қиянатсыздық технологиясын әзірлеу кезінде пайдалануға болады.</p> <p>7.5 Негізгі қағидаттар жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, сынақтан өткен. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 20-дан астам ғылыми мақала; Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, РИНЦ базасында 1 мақала, шетелдік, халықаралық конференциялар жинағында 5 мақала, отандық республикалық, халықаралық конференцияларда 10 мақала, ҚР Білім және Ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 4 мақала жарияланған. Сондықтан, бұл тармақ бойынша «Иә» деген баға беріледі.</p>
--	---	---	---

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Жұмыста қолданылған әдіснама нақты, ғылыми дәлелді. Әсіресе, автор тарапынан, зерттеудің бірінші тарауында әдістемелік құрылғыларды, ұстанымдарды таңдау мен дәйектеу жақсы негізделген екен. Жұмыс әдіснамасы сараптау тұрғысынан «иә» деген жауапқа сәйкес.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Қазіргі заман әдістері мен деректері пайдалану бойынша әлеуметтанулық зерттеулер нәтижесі мен әлеуметтік желіде жүргізген контент-талдау әдісін пайдалана отырып, бірқатар тұжырымдарды дәлелдеген. Автор компьютерлік игерулер арқылы зерттеу барысында шетелдік кітапханалар мен ресми ғылыми базаларда жұмыс істегенін атап өту керек. Сондықтан, зерттеу нәтижелерін толыққанды дәйектейді. Бұл тармақ бойынша «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысында әлеуметтану мен саясаттануда жиі қолданылатын контент-талдау әдісі, сондай-ақ қазақстандық философтар, дінтанушылар, саясаттанушылар мен әлеуметтанушылардың бірқатар нақты әлеуметтік зерттеулерінің нәтижелері қолданылған. Заманауи деректерді интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғаны байқалады. Осыған орай, бұл талап бойынша бағалау «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Автор зерттеу барысында тақырып бойынша шетелдік және отандық авторлардың біршама еңбектерін қарастырған. Толықтай алғанда автор тарапынан басқа авторларға сілтемелер берілген, және сыни түсіндірмелерде жеткілікті, мәтіннің мазмұнына сәйкес анықталған. Зерттеу жұмысындағы сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді дәлелдей түсетінін атап өту керек.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертант 143-тен астам дереккөздерді пайдаланған. Автордың ағылшын, орыс және қазақ тілдерін жетік меңгеруі арқасында көптеген дереккөздерді түпнұсқадан алғандығы жұмыстың сапалы зерттеулер қатарынан табылатындығына оңтайлы ықпал еткен. Әрине, қоғамдық келісімді нығайтуға қатысты кейбір арнайы саясаттанулық еңбектерді де тізімге қосуға болар еді. Дегенмен, ізденуші тақырыптың зерттелу деңгейін әр сала бойынша әсіресе философия бағытында толық толық негіздеген. Барлық пайдаланған әдебиеттер зерттеу нысанына толық сәйкес келеді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация тақырыбының теориялық маңызын қазіргі кезеңдегі жалпы әлемдік өзгерістерге, сондай-ақ Қазақстан жағдайына да қатысты болуына байланысты арттыра беруге болады. Себебі келісім құбылысы бір емес, әмбебап принципі арқылы жұмыс жасайды. Зерттеудің теориялық маңызы келісім концептісі әлеуметтік-тәжірибелік тұрғыда, ең алдымен – қазақстандық ішкі саясаттағы тұрақтылықты сақтау және нығайту. Республиканың сыртқы байланыстарын табысты дамыту тұрғысынан алғанда жұмыстың маңызы Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениетінің гуманистік бағдарларын нығайтуда тиімді қолдануға мүмкіндік беретін келісім табиғатын әлеуметтік-философиялық және теориялық-әдіснамалық талдаудан тұрады. Сондықтан «иә» деген жауап беріледі.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Автордың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді кең көлемдегі философиялық мәселелерді, еліміздің әлеуметтік өмірінің аспектілерін терең зерттеуде қолдануға болады. Келісімді философиялық талдау гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларында, атап айтқанда, этносаралық және басқа да қоғамдық қатынастардағы келісімнің нақты тараптары мен қатынастарында қолдануға болады. «Иә» деген жауап берілді.

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация мәтінінде практикалық ұсыныстарды «толығымен жаңа» деуге болады. Өйткені автор теориялық негіздегі ойларды айта келіп, әлемдік-тарихи және ұлттық үдеріс аясында келісімді кең және тар мағынада философиялық түсіну парламент, үкімет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдардың мемлекет ішінде және халықаралық істерде бейбітшілік пен келісімге қол жеткізу концепциялары мен бағдарламаларды дайындау және оны жүзеге асыру барысында қажетті танымдық құрал ретінде қолдануға болады деген идеяны алға тартады, және осы пікірмен келісуге болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде деп бағалауға тұрарлық. Жұмысты зерттеу барысындағы талдау, баяндау, тұжырымдар жасау мен қорытындылар шығару барысында жоғары ғылыми стиль сақталған. Автор теориялық және мәліметтерді талдауда әдіснамалық құрылғыларды пайдалана отырып, ғылыми жұмыстың орындалу талаптарына толық сәйкес келеді.</p>

ҚОРЫТЫНДЫ: «8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ержанова Айдана Жәнісқызының «Қазақстанның мәдени-өркениеттік дамуындағы келісім концептісі (әлеуметтік-философиялық талдау)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

**Философия ғылымдарының докторы, профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
саясаттану және әлеуметтік-философиялық
пәндер кафедрасының профессоры**



Кусаннов Дауренбек Умирбекович

КАДР САРМАСЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕУШІСІ
РУКОВОДИТЕЛИ
ЗАВЕРЯЮ: УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им. Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ **23.06.2023** ЖЫЛ